

74.03

К 14

**ҒАЛЫМ ҚАДІРӘЛІҰЛЫ**

VI

35672

**ҚАСИЕТТІ АҚ ОРДА**

Қызылжар 2002.

ҒАЛЫМ ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

**ҚАСИЕТТІ АҚ ОРДА**



Қызылжар – 2002.

Қадірәліұлы Ғалым  
Қасиетті ақ орда.  
Қызылжар  
“Асыл мұра” орталығы – 2002 жыл

Бұл басылым Қасиетті ақ орда –  
мектебіміздің 70 жылдық мерей  
тойына арналады.

35672

ISBN 5-7667-9548-3

ЖШС «Дизайн-ПРЕСС»  
2002

012



## АЛҒЫ СӨЗ

Ардагер ұстаз, Қазақстан Республикасы және Кеңес Одағы оқу ағарту ісінің озаты Ғалым Қадірәліұлы туған елін, жерін сүйген зиялы азамат. Ол өткен (2001) жылы “Аңсаған менің ауылым” атты тамаша бір кітап жазып шығарған еді. Енді міне сол туған ауылы туралы бұрынғыдан толығырақ екінші “Қасиетті ақ орда” атты кітабын жарыққа шығарып отыр. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде туған ауылының және осы ауылдағы бір кезде өзі оқыған мектебінің қысқаша тарихы баяндалады. Бұл бөлімде ол көптеген құрметті ауыл азаматтары мен мектеп ұстаздарын және өзімен мектепте бірге оқып, жастық шағын бірге өткізген замандастарын зор ілтипатпен атап өтеді. “Ұстаздар мен шәкірттер сөйлейді” деген екінші бөлімде осы мектепте қызмет істеген, оқыған және осы мектеп пен оның ұстаздарын жақсы білетін азаматтардың естеліктерін келтіреді. Үшінші бөлімде ауыл тұрғындарының біршама толық шежіресі берілген.

Бұл кітапты жазу барысында Ғалекең көп ізденіп, көп толғанды. Ол көптеген адамдармен кездесіп әңгімелесті, естеліктер жинады. Ауыл тұрғындарының шежіресін жинау үшін қаншама тынымсыз еңбек етті. Ауыл тарихына байланысты анық деректер алу үшін талай күнін архивте өткізді.

Міне, осындай ерен еңбегінің жемісі қолдарыңызға алып отырған кітап, қымбатты оқырмандар. Бұл кітап ауыл тұрғындарына, әсіресе мектеп ұстаздары мен оқушыларына басқа да қалың жұртшылыққа пайдалы болары сөзсіз.

Қайролла Мұқанов.

**Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,  
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.  
Жастық-алтын қайтып келмес күнімде  
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.**

**Мағжан Жұмабаев**

## **ЕСІЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА ТҰР АУЫЛЫМ**

Ауылым ерке Есілдің жағасында жайғасқан, оның жиегі қалың тоғай, көкорай шалғынмен көмкерілген, ауасы салқын самал жел, майда қоңыр лебі бойға қуат, жанға ләззат. Өзен түбінде күмістей жарқырап түрлі-түсті жылтыр малта тастар жатса, бетінде күнмен шағылысқан су толқындары маржандай моншақталып, бірінен соң бірі тізбектеліп жалт-жұлт етіп жылжып барады.

Иә, біздің ауыл осы өзеннің оң қанатында, күнгей жағында орналасқан. Есіл бойы ойлы-қырлы болып келгенімен өлкеміз жалпы жазық дала. Жазық дегенде мидай дала емес, өрнектеп тоқылған текемет-кілем сияқты, жағалай өскен тал, терек, мойыл, шілік, ақ қайың ағаштары алыстан көз тартады. Соның ішінде, әсіресе көзге ерекше шалынатыны - қайың. Өңірімізді “Ақ қайыңдар өлкесі” деп атайтыны да сондықтан болар.

Ауыл маңында өркештенген тау, бүкірленген жон да жоқ. Дегенмен тастақты дөңестерден, Есілдің үлкендікішілі тармақта-рынан сылдырап бұлақтар ағады. Олардың суы зәмзәмдай шипалы, ішсең бал-сусын, жуынсаң жүзің жасарады. Өттең, осы мөлдір бұлақтардың көпшілігінің көздері бұл күндері жерді жаппай жыртудың нәтижесінде бітеліп қалды. Ал, көзі

ашықтарының суы жолшыбай ылайға қосылып Есілге ағады. Аяусыз ластана бастаған судан жан-жануардың бәрі ішетіні жанға батады.

Маңайдың ыластануы, табиғаттың бұзылуы бәрі де адамдарға байланысты. Бұл жөнінде жергілікті журналист-ақын Қойшыбай Шәниев былай жырлайды:

(Орман жайлы ойтолғау)


Бақтарым, Әуежаным, Сарыбелім,  
Бір кезде көрікті едің, қалың едің,  
Жайқалған жапырақтар саясында,  
Сан талай тыныстап дем алып едім.

Бақтарым, Әуежаным, Сарыбелім,  
Жан-жақтан балта шапты-ау қалың елің.  
Сырты бүтін орманның іші түбір,  
Осыны көріп қайттым барып едім.

Жаппай ұжымдастыруға дейін біздің ел Есіл өңірінде қыстап, жазғы жайлауын Көкшетау, Қостанай, Түмен, Қорған шекарасында, Есіл жиегінде өткізіпті. Қабай, Тұяқ, Жәнібек жұбы жазылмай бірге өсіп, біте қайнаған ел екен. Бірақ ұжымдастыру, кеңес үкіметіне бағындыру, кедей мен байды теңестіру науқаны күшейген кезде ел әржерге бөлініп кеткен. Бірі Жаманкөл жайлауында (Айыртау ауданындағы Қарағаш ауылы), екіншісі Бөріліде (Шал ақын ауданындағы Неждановка селосы), үшіншісі Есіл қойнауына қоныс салып, табан тірейді. Осы рулардан бұл күндері басқа жерлерде тұратындары да аз емес. Атап айтқанда Шал ақын ауданының Алқағаш ауылында, Қорған облысының Макушино селосында, Түмен облысының Есіл ауданында т.б. жерлерде тұрып жатқандары да жеткілікті.

Біздің ауыл ежелден “Бастау” атанған. Бірақ алғашқы қарталарда, ежелгі құжаттарда “Бастау”

болып, яғни “о”- ның орынына “а” әрпі жазылып қалған. Шындығында “Бостау” екеніне ешкім қарсылық жасай қоймас. Бұл өңірде, Есіл өзенінің жиегінде біздің аталарымыз мекен еткен. Жиырмамыншы ғасыр келіп, ірі-ірі тарихи өзгерістер басталады. Елімізде саяси-экономикалық, таптық шиеленістер басталып, яғни соғысқареволюцияға жалғас-ты. Ресей империясының қарамағында отырған біздерге ондағы болып жатқан өзгерістер әсерін тигізбей қойған жоқ.



Алғашқы мектеп үйі (1932жыл)



Бүгінгі мектеп үйі

Жалпы алғанда бұл елді Құдайберді, Бәйімбет рулары деп атайды. Есілдің екі қанатын алып жатқан қалың ел. Қазан төңкерісі, Кеңес үкіметі келген кезде тарыдай шашылып тарап, бет-бетімен бөлініп кеткен екен. Ұжымдастыру мен аштық жылдары (29,30) әркім өз күнкөрісін ойлап жан-жаққа тағы бытыраған.

Ашаршылық пен қуғындау кезеңдерінде әкелеріміз Қызылжар маңында, шойын жол бойында тұрып, күндерін көрген.

Қазан төңкерісіне дейін атам Шеген би болыпты. Аса үлкен бай болмағанымен орта шаруадан жоғары ауқатты адам болған. Баданадан туған көп балалардың ішіндегі пысығы да, жөн білетін ақылдысы да осы Шеген екен. Би болып сайлануы да содан болар. Ол кісіден қалған мұраны көзім көрді. Тың және тыңайған жерді



игеру науқаны кезінде (Кеңес Үкіметі тұсында, елуінші жылдардың орта тұсы) ауылдың қақ ортасында үлкен жел диірмен тұратын. Оны кезінде атамыз салдырады. Одан соң Саумалкөлден ағаш бөренелер тасып, сегіз бөлмелі үй салдырыпты. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары ауыл белсендісімақтары диірмен мен салдырған жаңа үйді, мал-мүлкін түгел кәмпескелеп, мемлекет меншігіне алып қойған.Үйді бұзып, 18 шақырым жердегі Дауымбай ауылына апарып, мектеп қылып қайта орнатады. Содан бері сол ауыл - “Мектеп” ауылы атанып кетеді, бүгін де солай аталады (Есіл ауданында орналасқан). Марқұм атамыз Шеген көп жасаса да өмірінің соңғы жылдары көп құғынға ұшырайды, бай болған, би болған, “нағыз құлақ” деп айып тағылады. Сол кезде ауруға шалдығып, қайтыс болады. Ал, Есет деген атамызды да ұстап алады, содан хабарсыз кеткен. Құлақтың баласы деп отызыншы жылдары менің әкем - Қадірәліні де біраз әуре-сәрсенге салыпты. Амалсыздықтан әкем қашып-пысып, қала маңында бойтасалай жүріп, отыз сегізінші жылдары ғана елге оралған екен.

Жиырмамыншы, отызыншы жылдар қазақ жеріне үлкен нәубет әкелді. Байды, молланы, қажыны, биді құғындады. Сол нәубеттің соңы 37 жылдың, соғыстың сұрапыл қырғынына жалғастырды. Осы қасіреттің жалыны шарпымаған жанұя кемде-кем-ақ шығар біздің ауылда.

Сол кездегі ауылдың жайы қалай еді? Төңкерістен бұрын бөлініп отырған үш ауылдың жайлауы да, қыстауы да бөлек-бөлек болған. Мәселен Бостау ауылының қыстауы - “Базарқажы”, Жәнібек ауылының жері - “Нұғыман қорасы”, Тұяқ ауылының жері - “Тұяқ қыстауы” деп аталған. Жайлаулары да бөлек. Бұл ел көшіп-қонып жүрсе де шаруашылықпен мықтап

айналысқан: егін салу, мал өсіру, үй салу, саудасаттық жасау. Әрине, кедейлер күн көріс үшін байларға, орта шаруаларға жалданып малын бағу, шөбін шабу, үйін салу сияқты жұмыстармен айналысқан. Жиырмасыншы ғасырдың басында киіз үйді жазда, күзде ғана пайдаланып, қыста талдан тоқылған жылы үйде тұратын болған. Ол үйдің жылы болатыны екі қабат талдан тоқылған шарбақ қабырғалардың арасына құрғақ көң немесе құрғақ қара топырақ салады да екі жағын майлы сары балшықпен сылайды, содан кейін ақ балшықпен ақтайды. Сонда іші-сырты көз тартатын әдемі үй болып шығады. Ол кезде шифер, қаңылтыр деген болмаған, сондықтан шатырды шыммен (табақша ғып жерді шөбімен ойып алады, оны төңкеріп) қабаттастырып су өткізбейтіндей етіп дестерлеп салып жабады. Өзім сондай үйде тұрып көрдім.

Қазан төңкерісіне дейін ауылдар жайы бұрынғы дәстүрмен жалғаса берген. Балалар сауатты ауыл молдаларынан алып, арап әріпімен хат таныған, діни сауатын ашқан. Ал, жетік азаматтар, қабілеті бар, қаражаты бар адамдар медреселерде оқыған. Біздің елге жақын медреселердің бірі - "Құдайберді" руындағы (атақты Жылғара елі) бүгінгі Өрнек ауылының маңындағы Қожахмет-Сейдахмет медресесі еді. Көп әулиелер, көп қажылар елі. Осында біздің аталарымыз, одан бергі Бадана – Бостау әулетінен – Жар, Шеген би, Зікірия, Жәнібектен – Бопат, Сәрсекей молла, Тұяқтан – Ерғали, Елемес молла оқыпты. Міне, осылар елдің діни нанымын, сауатын ашқан адамдар. Бірақ, 1917 жыл, одан кейінгі 1918 жыл Қазақстан үшін де бір өзгерістің басы болды. Кеңес үкіметі орнай бастайды. 14 ауыл – Байімбет елі де жаңа үкіметтің қарамағына көшеді. Алғашқы ауылдық кеңес төрағасы болып Ысқақ Қыпшақпаев, одан соң Әбілмажін

Байкөбенов, Жайлаубай Баржақсин сайланады. 1926 жылы кедейлер комитеті құрылады. Оның алғашқы төрағасы Ерғали Асылтаев, хатшысы Ләмәли Қонарбаев болады. Олар жер бөлісумен айналысады. “Қабай”, “Тұяқ”, “Жәнібек” ауылдарынан “Артель” деп аталатын ұйым құрылады. Кейін 1929 жылы осы үш ауылдың негізінде үш ұжымдық шаруашылық (колхоз) құрылады. Онда Тұяқ колхозының төрағасы Жайлаубай Баржақсин, Қабайда – Жұмағали Шонаев, Жәнібекте – Есмағанбет Нұғыманов сайланады.



Мектеп жанындағы  
интернат үйі



Ауыл көрінісі және  
шаруашылық кеңсесі

1930 жылы осы үш шаруашылық біріктіріліп, бір ұжымдық шаруашылыққа көшкен, оны “Мәдениет” деп атайды. Аудан орталығы алғаш Казгородок болыпты.

Аудан басшылары “Мәдениет” колхозын қалашыққа айналдыру жөнінде шешім қабылдайды. Яғни 500 үй, 3 құдық, монша, аурухана, колхоз кеңсесі, мектеп салу көзделіп, соған қызу кіріседі. Бұл іске колхоз басшылары және ауыл белсенділері Қарибек Жабағин, Құлмырза Кенжеғожин, Сыздық Есқожин, Қабдолла Елемесов білек сыбана кіріседі. Кейін Қабдолла Елемесов басқа қызметтерде істеп жүргенде қудаланып, “Халық жауы” деген атаққа ілігіп, нахақтан жазаланып, Жамбыл облысында

ұсталады, атылады. Ал, Құлмырза он жыл отырып, “айыбын” өтеп келеді.

1932 жылы Мәдениет колхозының (ұжымдық шаруашылығының) атын ауыстырып, Исаев колхозы деп атайтын болады, ауылдық кеңестің аты да осылай аталатын болыпты. Исаев деген кім? Осы жөнінде айта кетсек артықшылығы болмас.

Исаев Ораз Жанұзақұлы (1899-1938 ж. өмірсүрген) Орал (Батыс Қазақстан) облысының тумасы. Жаңа үкіметті құрысқан партия, кеңес лауазымды қызметтерін атқарған мемлекет және қоғам қайраткері. Мәселен ол 1929 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған, Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына да бірнеше рет сайланады. Өкінішке орай 37-нің зобалаңына ілігіп, 1938 жылы атылады. Содан кейін Төңкеріс ауданы атқару комитетінің шешімі бойынша (29.06.1938 п. № 25 § 11) және Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша (23.03.1939) Исаев атындағы ұжымдық шаруашылық Ленин атына көшіріледі.

Сол бір аласапран кездерде ел аттары, жер аттары, аудан аттары бірнеше рет ауысып, тіпті облыс аумағы да өзгеріп тұрған. 1932-1936 жылдары біздің облыс Қарағанды облысы атанады. Тек 29.07.1936 жылы қайтадан Солтүстік Қазақстан облысына ауысады, орталығы Петропавл (Қызылжар) қаласы.

Мемлекеттік мұрағатта сақталған деректерге қарасақ Сергеевка бөлімшесі мына төмендегі жәйіттерді айқындап кетеді (Ф98 ОК 22-49 Т.ІІ).

Біздің елімізде 1929-1930 жылдары жаппай ұжымдық шаруашылыққа (қолхоздастыруға) көшіру басталады. 1928 жылы (3.09) Петропавл округіне қарасты Пресногор болысы

(Қазақстанның аумақтық жер бөлісі) бойынша Төңкеріс ауданы құрылады. Ал, Төңкеріс және Рыков аудандары бірігіп, Төңкеріс атымен қалады да, орталығы Марьевка селосы болады. 1940 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Президиумы (21.05) Төңкеріс ауданын Октябрь ауданына өзгертеді. Тың теңізі деп аталған Сергеев су қоймасы құрылысының аяқталып, пайдалануға берілуіне байланысты аудан орталығы Сергеевка селосына көшіріледі. Соның нәтижесінде, шешім бойынша Октябрь ауданы 1963 жылдың 2 қантарынан бастап Сергеев ауданы атанады. Ал, бүгінгі таңда ауданымыз атақты жерлесіміз Шал ақын атында.

Аудан аты жетпіс-сексен жылда төрт рет өзгерді, ал осы мезгілде ауыл аты мен ауылдық кеңестің шекарасы бірнеше дүркін өзгереді, ұжымдық шаруашылықтың жер көлемі де бірде былай, бірде олай болып тұрған. Мәселен осы ұжымшардың (колхоздың) алғашында 9 мың гектар жер аумағы болса, кейін ол 23 мыңға жеткен. Оның себебі бірнеше ұжымшарлар біріктіріліп, іріленген ұжымшарға айналған. 1951 жылы Ленин (ауыл Бостау), Көктерек (ауыл Тереңсай), Мектеп (ауыл Дауымбай) ұжымшарлары қосылып, орталығы да, аты да Ленин болып қалған.

Тың және тыңайған жерлерді игеру, көтеру науқанының қызған кезінде, яғни 1957 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің шешімімен (№223, 18.04.) осы ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) Кеңес шаруашылықтарына (совхоздарға) ауыстырылады. Оның орталығы Тораңғұл селосы, яғни Ново-Покровка кеңшары болады. Тек 1962 жылы (24.12) Ново-Покровка, Заря, Марьевка кеңшарлары біріктіріліп, Тораңғұл кеңшары атанады, жер көлемі 34 мың гектарға жетеді.

Дәл осы жылы Тереңсай ауылдық кеңесіне қарасты ауылдар бірігіп Ы.Ыбыраев атындағы кеңшары жеке шаруашылық болып құрылады. Оған Мектеп, Қарашок, Көктерек, Қаратал, Ленин ауылдары кірген. 1979 жылы (27.05) Министрлер Кеңесінің шешімімен Ысқақ Ыбыраев атындағы мал өсіру, семірту, сойылу жөніндегі мемлекеттік кооперация бірлестігінің мамандандырылған шаруашылығы атанып бой көтереді. Бұл күндері, Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін, кеңес шаруашылығы өткен ғасырдың соңында (тоқсаныншы жылдары) тарап кетті. Еліміз нарықтық жүйеге көшіп, жер бөлшектеліп, жеке шаруа қожылықтарына таратылды. Ірі шаруашылықтар жойылғаннан кейін олардың аттары да айтылмайтын болды. Тек осы ауылдың аты ғана Ысқақ Ыбыраев болып қалды.

Бұл жерде Ысқақ Ыбыраев жөнінде айта кеткеніміз орынды болар. Ол Кеңес Одағының батыры. Ұлы Отан соғысында тамаша ерлік жасаған адам. Ысқақ Ыбыраев Ленин (қазырғы Есіл) ауданындағы Қаратал (бұрынғы Приишим) аулында 1911 жылы туған. 16 жасында Қызылжардағы педтехникумға түсіп,оны 1930 жылы бітіріп шығады. Сол кездегі Ленин, Преснов аудандарында мұғалім болып істейді. 1942 жылы әскерге шақырылады. Горький қаласындағы Фрунзе атындағы әскери саяси училищеде оқиды. Одан соң атқыштар ротасының саяси жетекшісі болады. Жаяу-әскерлік командалық училищені бітіреді. Бірінші Белорус майданының атқыштар дивизиясында, атқыштар взводының командирі болады. Буда-Агустов селосының маңында неміс танкілерін, дзоттарын қирату кезінде, Мало-Боже селосы маңында көрсеткен ерлігі, айлакерлігі және қарамағындағы жауынгерлерге дұрыс басшылық жасағандығы үшін СССР Жоғарғы Кеңесі 1945 жылы 27 ақпандағы шешімімен Ысқақ

Ыбыраевқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Соғыстан кейін облыстық партия комитетінде қызметке орналасады. Партия мектебін бітіреді. Октябрь (бүгінгі Шал ақын) ауданында партия комитетінің хатшысы, Новопокровка кеңшарының партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарады. Соңғы қызметі Ленин ауылы, Тереңсай ауылдық кеңесіне қарасты шаруашылықтың партия ұжымының хатшысы болады. 1965 жылы 16 шілдеде ауыр науқастан кейін қайтыс болған. Батырдың есімі мәңгі есте сақталу үшін оған осы кеңшардың аты, кейін Кеңшар тарағаннан кейін ауылдың аты беріледі.

Қазан төңкерісінен кейін елдің саяси ақуалы, мәдени салт-санасы, жаңа жағдайға көшіріле бастағаны белгілі. Сол кездің ыстық-суығына төзіп, қиындығын басынан өткізген алдымен біздің аталарымыз болды. Олар: Тәжібай, Ырыспай, Әбіл, Бектұр, Әлмағанбет, Әбілмәжін, Жайлаубай, Сәрсекей, Сәйду, Балахмет, Елемес, Серәлі, Ерғали, Жұмағали, Таласпай, Бопат, Мұхаметжан, Естекен, Сүлеймен, Құлмырза, Әлміш, Шал, Зікірия т.б. еді. Бұл аталардың бірін біліп, бірін еміс-еміс білемін. Ал, көзім көрмегендерін жазып отырғаным жоқ.

Ауылдың соғыстан бұрынғы жағдайын естумен ғана елестетесің, есіңді білгеннен бастасаң әрине, айту оңай. Бала болсақтағы соғыс кезіндегі көптеген жәйттер есте қалыпты. Сол кезден ептеп сыр шертейік.

Менің әкем соғысқа барған жоқ. Оған бір қолының кемдігі себеп болды. Ауыл балаларының көпшілігінің әкелері әскерге алынып, соғысқа кетті. Олардың көпшілігі оралмады. Бірақ қиыншылықты жетім-жесірлермен бірдей көрдік. Қанды соғысқа қатыспаса да ерлігін елде көрсеткен Шөбек, Баяхмет, Шал, Қажымұрат, Бейсенбі,

Махмет, Уали, Сүлеймен, Садуақас, Майлан, Қадірәлі сияқты әкелерді атап өткен жөн. Қиынқыстау кезде елді қиыншылықтан алып шыққан абзал адамдар еді. Әжелер болса соғыста жүрген балаларына жүннен қолғап, байпақ тоқып жатады. Жұмысқа жарамды ересек балалар мен қызкеліншектер құмырсқадай жапырылып, қыбырлап еңбек етті.

Сұрапыл соғыстың дүмпуі мен түтіні әлі басылмай тұрғанда мүгедек болып елге оралған азаматтарымыз да бір төбе. Оларды ақсақ, шолақ қол, басы-көзі тесілген, ауыр жаралы болса да жан олжа деп ел-жұрт қуана қарсы алып жатыр, тәубешілік деп әжелер көздерінің жасын сүртуде болды. Атап айтсақ елге тірі оралған әкелеріміз: Ишанғабыл, Қабдол, Рахымжан, Есмағанбет, Қази, Бекім, Хамит, Өсербай, Сәден, Садуақас, Қабдолла, Жанат, Қапан, Қожахмет, Бейсенбай, Әбу, Қабдылбари, Зұлқарнай, Жұма, Кенжеғара, Рахымжан, Қабдірашит, т.б. Аз да болса ауылдың кемтігін толтырған осы жауынгерлер елдің еңсесін бір көтеріп тастады.

Соғыстың басталуы біздің бала кезімізге тұспа-тұс келді. Соның әсері ме тез есейіп, буынымыз тез қатайды. Қаршадай кезімізден үй шаруасына араласып қана қоймай, апаларымыз бен ағаларымызға, шешелеріміз бен аталарымызға көмектесіп, ұжымдық шаруашылықтың жұмысына араластық. Шынын айтсақ сол соғыс кезінде 7-8 жастағы балалармыз. Сонда біз өзімізді үлкен кісідей сезінетін едік.

Ұйқылы ояу, көзімізді тырнап ашып, таң сәріден аттың басына мініміз. Осы жаста ат құлағында ойнадық. Бұны үйреткен өмір.

Ол кезде шөп шабатын агрегат өте жабайы еді. Шөп машинасын қос өгіз тартады, оның алдына ат жегіліп бағыттаушы қызметін атқарады,



ат үстінде бала отырады. Машинаның үстінде отырған ересек адам екі өгізді айдаумен қатар шалғы агрегатын реттеп, бақылайды. Таңғы салқында, яғни күн арқан бойы көтерілгенше және кешкі салқында – күн еңкейген кезде жұмыс өнімді болады. Мал да, жан да қапаланбай еркін тыныстап жақсы жұмыс істей алады. Сөйтіп осыдан қас қарайып, көз байланғанша үлкеніміз бар, кішіміз бар дала жұмысынан қол үзбей қызу еңбек үстінде боламыз.

Әлі күнге дейін есімде 1951, 1952, 1953 жылдардың жаз ай-ларында біздің ауылдың оқушы жас жеткіншектерін шаруашылық басшылары әдеттегідей көмекке шақырады. Жұмыстың түрі мал азығын дайындау, яғни жем-шөп дайындау науқаны болатын. Жасымыз 15-16-лар шамасында болғанымен тепсе темір үзетіндей жағдайымыз бар сияқты сезінетінбіз. Шынында да буынымыз қатайып, бұлшық еттеріміз бұлтиып, өсіп қалған кез. “Жастық-жалын” дегендей бойымыз бен ойымыз бірдей дамып, оның үстіне еңбекке ерте араласып шыныққан жастармыз. Біздермен жастар бригадасын ұйымдастырып, басшылық жасайтын Қабиден, Қаражан, Рақымжан ағаларымыз еді. Рақымжан Әбілов ағамыз істің бас аяғына дейін бізбен бірге болып, пішеншілер бригадасын өз қамқорлығына алды. Рақаң іскер, еңбекқор, білгір, сауатты, оқығанынан тоқығаны көп адам еді. Маяның төбесін шығаруды, оның массасын өлшеуді біз сол кісіден үйрендік. Кейде үйілген маяның, не шошақтың массасын көзбен де дәл анықтай алатын.

Кейін шөп трактормен шабылып, трактормен жиналатын болды. Осы жиналған шөпті біз қолмен айырлап, маялаймыз. Ауылдың жас жеткіншектері осы жұмысты тиянақты, әрі сапалы атқарып отырды. Жұртшылық бұл игі іске дән ыриза, істеген ісіміздің қаншаға бағаланғанын да

35672

білмейтінбіз, әйтеуір жыл аяғында есеп жүргізіп, еңбек күнге бидай алатынбыз. Дегенмен Рақаң жүрген жерде қарнымыз аш болмайтынын білеміз. Мәселен күніне 9-10 жігітке 40-50 литр қымыз, 4-5 кг ет, 2 кг сары май, 5-6 бөлке нан келетін жұмыс басына. Қымыз алғашқы кезде бойды алып, маужыратып ұйқыны келтіріп жүрді. Соңынан оны жарыса ішетін болдық. Үлкен емен бөшкеде шайқалып келген қымыз ашуы қайтып, дәмі жұмсара түседі. Одан соң ағаш көлеңкесіндегі салқын шұңқырға бөшкені түсіреді, сонда қымыз салқындайды. Кейін қымызға да, жұмысқа да үйреніп, шынығып алғаннан кейін ісіміз өне бастайды. Күніне 350-400 центнер шөпті үйіп маялаймыз. Орта есеппен әр адам күніне 40-50 центнер шөп үйеді.

Жазғы демалыста, осы науқан кезінде бойымыз өсіп, бұлшық еттеріміз қатаяды, ең қымбаттысы аға-інілер, құрбы-замандастар бір-бірін біле түседі. Олар: Өкеш, Ахметжан, Ерғазы, Әбеш, Төкен, Кеңес, Әскер, Тыныс, Нәжікен, Нәкен, Жұмаш, Қабыш, Бекен, Қайыржан т.б. Осылардың көбі бүгінде арамызда жоқ ал, тірілері есейіп, ата болып отыр.

Балалық - бал дәурен, пәк көңіл. Өмірдің ащы-тұщысын, қулық-сұмдығын таңдамайтын ақ жүрек адал кез. Мен ауыл баласымын. Жастық шағым ауылда өткеніне қуанамын. Өйткені адалдықтың, адамдықтың төркіні ауылда жатыр. Ауылдан шықсаң бір ірі академияны бітіріп шыққандай боласың. Мәселен, біздің ауылдың ақсақалдары көпті көрген, арапша діни оқыған, қиссалар мен шежірені жатқа білетін білімді адамдар еді. Солардың ішінде ерекше атап өтуге тұратындар Зікірия, ақын Ерғали, Елемес молла, Серәлі деген ақсақалдар. Олар отызыншы жылдары қуғын-сүргін көріп, құрбан болған Үкілі Ыбырай, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев,

Сәкен Сейфуллин сияқты ақсаңлақтарымыздың шығармаларын, өлеңдерін жатқа айтып отырушы еді. Онымен қоса бұрынғы өткен билерді, Шал ақын, Сегіз сері, жыраулар т.б. туралы сыр шертетін. Олар осы дүниелерді қалай ұғып алған деп таңданатынбыз.

Біздің ұрпақ тез есейді. Оның шыңдалып, шынығып өсуіне үлкен септігін тигізген алдыңғы толқын ағалар мен апалар себепкер болды. Сондықтан солардың аттарын атап өткен жөн болар.

Ағаларымыз: Темірғали, Сәбит, Қабиден, Ережеп, Қаражан, Темеш, Аманжол, Қайнет, Қайыржан, Резиден, Ғазез, Тарбақ, Қасым, Әшім, Сәлтәй, Хамза, Кейқуат, Зұлқан, Абылқайыр, Есләм, Сайран, Зият; Апаларымыз: Қапия, Жамал, Зада, Бөпеш, Күлбара, Зақу. Соғыс кезіндегі осы бойжеткендер мен бозбалалар әкелерінің орнын басып, шаруашылықты мықтап ұстап тұрды. Өттен, осылардың біразы өмірден ерте кетті.

Ауылдың атқамінер ер-азаматтары соғысқа кетті. Елде балалар мен жас жеткіншектер, әйелдер мен кәрі-құртаң, әскерге жәрәмсіз деген бірен-сараң ағалар қалды. Сол бірен-сараң ауылды басқарып, билік тізгінін қолдарына алғаннан кейін адамдардың бірін алдап жұмсаса, екіншісін зекіп ұрсып, боқтап та алатын, тіпті шектен шыққандарын аттың бауырына алып сабап, дүре соғатын. Қайтсе де жұмыс жүрді.

Жастықта, әсіресе, балалық шақта дүние кең, қызығырақ сияқты, ал зауал шақта дүние тарылып кеткендей болады, бірақ адам өмірдің қызығына тоймайды екен. Ал өмірдің қызығы не? Соғыс па? Жоқ. Жегенімізге тоқ, ойынымызға мәз болып жүрген балалар – біздер соғыс зардабын сезбепіз. Асқар бел азаматтардың соғыста жүріп еліне жазған сағыныш хаттары ауыл қарияларына

сүйеніш үміт лебізін әкеледі. Бір кез қайғы сейіледі.

Қиыншылық үлкендердің қабырғасын қайыстырады ғой! Әлі есімде, сол отты соғыс жылдары ауылда ер-азаматтар некен-саяқ қана қалған тұс, көбіне шаруашылықтың ауыр жүгі әйелдердің, қарттардың иығына түскен кез. Таңның атасы, күннің батысы бел шешіп отыруы аз, соқа айдап, жер жыртып, шөп шауып, егіп жинап әурешілік көрген де солар.

Өзім көрген апа-жеңгелердің соғыс кезіндегі сұрқы көз алдымда. Атап өтсек: Мағиша, Ұмсын, Мәйкен, Мағрипа, Сара, Қазкен, Әлпия, Шәку, Кулзипа, Мұқияш, Шәпия, Бибіш, Мәпа, Камел, Шәмшия т.б. (кейбірінің аттары ұмытылыпты) ала жаздай сабылып, маңдай терін төгіп алас ұрған осы үлкен шешелер, апа-жеңгелеріміз бар ауыртпалықты өз мойындарына алып еді. Егін егу, шөп жинау, жанұяны асырау бәрі де солардың қолында, міндетінде болды. Шәу тартқан кемпір-шал да, ши борбай балалар да жаутаңдап соларға қарайды. Соғыс кезінде ауылды күйзелткен жоқтық, жетіспеушілік емес, әр жанұяның қабырғасын қайыстырып, жүрегін өртеген бір парақ “Қара қағаз”. Соғыстың қызған кездерінде амандық хат аз келіп, “Қара қағаз” жиі келетін болды. Енді біреулерден не өлі, не тірі деген хабар да жоқ. Халық соғыс жылдары қан жұтып, іштеріне шер боп қатты. Я, соғыс зардабы көпке дейін кетпеді, соғыс жарасы көпке дейін бітпеді.

Соғыс басталғанда ер адамдар жаппай аттанады. Әйтеуір, аяғы бүтін, қолына қару ұстай алатын болса жасына қарамай жіберілген.

Біздің, Ленин ауылынан 70-тен аса адам соғысқа аттанады. Оның өлмей оралғаны – 23, ал қалғаны соғыс алаңында қаза болғандар. Ал, елге оралғандардың көбі жаралы еді, кәрілікке жете алмай олар да өмірден ерте кетті.

Елде жүріп ерлік көрсеткен ағалардың елеулілерін қысқаша атап өтейік. Жоғарыда аталған ағайын ағаларымның ішіндегі еті тірі, ең етене жақын бауырым – Қаражанды айтпай кетуге болмайды. “Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес” дегендей мені сонау соғыс кезінен қасына ертіп жүріп, тәлім-тәрбие берді. Ол үкімет шаруасына беріліп, белі қайысып жұмыс істеген адам емес. Үнемі жеңіл жұмыстарды атқарды. Бірде шаруашылықтың кілтшісі, бірде ферма басшысы сияқты қызметтерді жүргізді. Сабақтан басым босап кетсе сол ағамның жанында боламын. Ақылын тыңдаймын, жұмысына көмектесем, көбіне атын жегіп, божысын ұстаумен боламын. Стандағы жұмысшыларға нан жеткіземіз, тамағымыз да тоқ. Сол ағамыздың тәрбиесін, ақылын бүгінге дейін алып келдім.

Есетов Ережел деген ағамыз жөнінде ерекше айтуды жөн көрдім. Әкесі ерте “Құлақтарды жою” кезінде кеткен. Бірақ өмір оған теріс қараған жоқ. Талабы, еңбегі оны алысқа жетелеп, бақытты тұрмыс құрды. Өмірдің соққысына тап болып, жас иініне ауыр жүк түскен Епел оқуды ерте тастап кетті, өмірдің өзі ерте есейтті. Өзіндей балалармен бірге ол да ересектерге ілесіп, өмір жүгін өгіздей өрге сүйреді. Көнбістік, көңтерлілік осы тұқымға бұйырған қасиет пе деп ойлайсың. Бұған Епелдің кейінгі бүкіл ғұмыры айрықша айғақ болады. Тумасынан тұйық, сөзге сараң, кеуде соққанды сүймейтін, төр тілеп тебінбейтін, адал еңбекті ғана білетін, ерінбейтін, тапсырғанды қанаты талса да тындырмай қоймайтын Епелді ел осы бір сипаты үшін сүйеді. Ол қырық алты жыл механизатор болып еңбек етіп, омырауына “Еңбек Қызыл Ту”, “Октябрь Революциясы”, “Ленин” ордендерін таққан еңбек жүлдегері. Өзі тұратын Шал ақын ауданында осы бәсте оның алдына түсетіндер кемде-кем-ақ. Біреудің делебесін

қоздырып, төсін соққылататын медальдардың, мақтау грамоталарының неше атасы бар десем, ол да жалған емес. Соғыс басталарда алғашқы тракторға отырған ол техниканың неше түрін меңгермеді.



Ауыл клубы

Бір сөзбен айтқанда, оны “Қажымас қара нар!” дейді. Осының ақиқаттығына оны білетін ауылдастары, Шал ақын ауданындағы Ыбыраев ауылының азаматтары айғақ болар еді. Оның есімін кезінде аудан басшылары да талай-талай ірі мінбелерден көпке үлгі қылып, елге өнеге етіп ауызға алған-ды. Тың өлкелік Кеңесінің депутаты да болды.

Елдегі елеулі ағаларымыздың бірі Қабиден Шаинов еді. Соғыс жылдары “Еңбек әскерінде” болып, өз үлесін қосты. Қалған уақытын ауылда егіс бригадирлігімен өткізді. Алғашқы еңбек жолын механизаторлықтан бастаған болса, сол мамандығынан таймай зейнеткерлікке шыққанға дейін ауылшаруашылығы техникасын, оның мамандарын басқарумен өтті. Кеудесіндегі “Ленин”, “Құрмет белгісі”, “Еңбек Қызыл Ту” ордендері соның куәсі болмақ.

Соғыс кезіндегі ауыртпалықтың зардабынан білімін аяқтамай, жастайынан жұмысқа араласқан механизаторлар Әбілхайыр Ысқақов (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері), Ахметжан Имақов (Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің “Қола медалінің” иегері), Темірбек Шалов әрі

механизатор, әрі малшы (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері) ерен еңбектің иегерлері. Соғыста жаумен айқасып, елде адал еңбек еткен механизаторлар Жанпейісов Зұлқарнайды, Ақышев Қабдірәшитті (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері), Ақантаев Қажахметті біз мақтан етеміз.

Сонау отызыншы – ұжымдық шаруашылық құрылған кезден бастап басқарма болған ағаларымызды атап өтейік. Олар: Даулиев Сәрсенбай, Нұғманов Есмағанбет, Тоқпетов Қапез, Тапалов Сүлеймен, Құрманғожин Әлмағанбет, Сибанбаев Қарақоржын, Қалиев Қошқарбай, Ақпанбаев Салтай, Досымбеков Қазі, Нұрғожин Еслямбек, Нұғыманов Сейсенбек, Қоспанов Бікан, Ырыспаев Қайыржан. Бұл жерде кімнің қай жылдан бастап, қай жылға дейінгі басқарма болғандығы жөнінде жазбай отырмыз. Үйткені аздап ауытқушылық болса, күдік туары сөзсіз, бірақ осы аталған адамдардың болғаны және елімізге қызмет атқарғандығы анық.

Кейін колхоздар (ұжымшарлар) совхоздарға (кеншарларға) айналды. Сол шаруашылықтың директорлары болып Қалихан Мамбетов, Әскер Кенжеғожин (1956), Есен Керейбаев (1968), Серікпай Елемесов (1981), Маңабай Үмітпаев (1984), Талғат Теменов (1992) сияқты білікті азаматтар атқарды.

Осы басшылардың соңғысы – Теменов Талғат “Ұзын қайыңның” құлайтын кезінде, халықтың ауыр күйзеліске ұшыраған шағында елдің еңсесін түсірмей байыппен ұстаған ақылды азамат. Шынын айтсам Талғат қаладағы қазақ мектеп-интернатын бітірген еді. Ол кезде мен мектеп-интернат директорының орынбасары едім. Аз да болса ақылымызды алып, бізден тәрбие алғандығы үшін мақтан етемін.



# ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ



Ақышов  
Қабдірашид  
соғыс және  
еңбек ардагері



Сәйдиев Қабдол  
Соғыс ардагері



Жәнпейісов  
Зұлқарнай  
соғыс және  
еңбек ардагері



Есетов Ережек  
еңбек ардагері



Әбілов  
Рахымжан  
соғыс және  
еңбек ардагері



Есетова-Хамзина  
Капия  
еңбек ардагері



Әубакиров  
Әміржан  
еңбек ардагері



Имақов Ақметжан  
еңбек ардагері





Үмітбаев  
Манабай  
және  
Ысқақов  
Әбілқайыр  
Сыйлық  
тапсыру



Жүкенов Қаражан.  
Еңбек ардагері.



Шәйінов Қабиден.  
Еңбек ардагері.



Балақметов Зұлқан.  
Еңбек ардагері.



Шалов Темірбек.  
Еңбек ардагері.